

**Нұра аудандық мәслихатының 2011 жылғы 16 қарашадағы 41 сессиясының "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 388 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 5 сессиясының 2012 жылғы 12 сәуірдегі N 68 шешімі. Қарағанды облысы Нұра ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 18 мамырда N 8-14-173 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат

**Ш Е Ш Т І :**

1. Нұра аудандық мәслихатының 2011 жылғы 16 қарашадағы 41 сессиясының "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 388 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 8-14-156 болып тіркелген, "Нұра" газетінің 2011 жылғы 17 желтоқсандағы N 51 (5237) санында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін: шешімнің 1 тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"1. Қосымша әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтардың санаттары бекітілсін:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары;
- 2) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген тұлғалар;
- 3) мүгедектер;
- 4) мүгедек балалар;
- 5) аз қамтылған азаматтар;
- 6) көп балалы аналар;

7) фтизиатрда тіркеуде тұрған туберкулезбен ауыратын науқастар."

2. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету шығындары "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" 451007 бағдарламасы бойынша аудандық бюджетінде қарастырылған қаржы шегінде қаржыландырылады.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени дамуы және халықты әлеуметтік қорғау бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (

Г а е в с к а я

Т . А . ) .

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

*Н. Сүлейменов*

Аудандық мәслихаттың хатшысы

*Б. Шайжанов*

КЕЛІСІЛДІ:

"Нұра ауданының жұмыспен қамту және  
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекеменің бастығы  
----- *Г. Жүпенова*

16 сәуір 2012 жыл